

ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ ОЙЫНХАНАСЫ

ТЕҢГЕГҮЛ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ

Ертеде екі көрші өмір сүріпті. Екеуінің де әп-әдемі үлкен үйі болыпты. Көршілердің біреуі бәрін алдын ала ойлап жүретін сауысқаннан сақ адам екен. Ол Теңгегүлдің кеңесімен үйін бола қалуы мүмкін зілзала мен апаттың барлығынан сақтандырып қойыпты. Ал екінші көрші Теңгегүлдің кеңесін қаперіне де алмапты. Қайта үйін сақтандырған көршісің әжуалап: «Болмаған нәрседен қорыққаны несі?» – деп миығынан күліпті. Сөйтіп жүргенде аспаннан метеорит құлап, екі үйдің де шатырын қиратып кетеді. Үйін сақтандырған көрші шатырын тез арада қалпына келтіріп алады. Өйткені, жөндеу жұмыстарына қажетті ақшаны оған сақтандыру компаниясы төлеп береді. Ал екінші көрші табан астында шатырын жөндеуге ақша таба алмай, дағдарып, қатты қиналыпты. Осы оқиғадан кейін екінші көрші сақтандырудың пайдасын түсініпті. Ол да көршісі сияқты үй-жайын кез келген апаттан – өрттен, су тасқынынан сақтандырып қоятын болыпты. Тіпті, жасайқалып өскен егінін де зиянкес жәндіктерден сақтандыруды ұмытпапты.

11-тарау

Күрең күз күшіне енген шақта Теңгегүл Алай күшік пен Марғау мысықты шақырып алып, былай деді:

– Мен бүгін бақшаға жем іздей келген бірнеше кептермен тілдескен едім. Олар: «Жуық арада ауа райы күрт өзгереді, арты ала құйын тентек желге ұласады», – деп ескертті. Сендер осы бастан қамданып, үйшіктеріңді сол апаттан сақтандырып қойыңдар.

Алай мен Марғау Теңгегүлдің айтқанын екі етпеді. Сиқырлы гүлдің кеңесімен сенімді сақтандыру компаниясына барды. Оның иесі Шапақ есімді ат болатын. Ол күшік пен мысыққа бірден келісімшарт ұсынды. Алай мен Марғау келісімшартты мұқият оқып шығып, түсінбеген жерлерін сұрап алып, ақыры қолдарын қойды. Бұдан кейін Шапақ ат күшік пен мысықтың үйшіктерін көріп, бағасын белгілеп, «ұқыпты, таза екенсіңдер» деп мақтап кетті. Көп ұзамай, Алай мен Марғау өмірлерінде бірінші рет сақтандыру жарнасын төледі.

Күшік пен мысық үйшігін сақтандырғанын естігенде қарға баласы қарқылдап, тоқтамай күлді.

– Ой, ішегім-ай! Шапақ атқа жайдан-жай 4 алтын теңгелерін бере салғандарын қарашы! Мен болсам, ол ақшаға ойыншық



сатып алар едім. Кем дегенде дәмі тіл үйірер тағамға тапсырыс берер едім. Желге ұшқан қайран ақша десеңші! – деп қарға баласы қарқылдай берді.

– Бекер күлесің! – деді оған Теңгегүл. – Одан да сен де ұяңды сақтандырып қой.

Бірақ қарға баласы Теңгегүлдің ақылын тыңдаған жоқ.

Уақыт зырлап өте берді. Апта аптаға жалғасты.

Алай мен Марғау сақтандыру жарналарын үзбей төлеп

жатты. Бұған Алай біршама алаңдаулы болатын. «Осы ақшаны бекерге төлеп жатқан жоқпыз ба?» деген ой күшікке маза бермеді.

Бір күні ол Арнұрдан:

– Қалай ойлайсың, біз дұрыс істедік пе? Мүмкін қарға баласыңкі жөн шығар? Ақшамыз желге ұшып, ауаға кетіп жатқан жоқ па? – деп сұрады.

– Алаңдама! – деді Арнұр күшікке. – Теңгегүл ешуақытта алдамайды. Ол сендерге тек

қана жақсылық ойлайды. Өмірде бәрі болады ғой. «Апат айтып келмейді». Ең дұрысы, оның алдын алып, сақтану керек.

Айтса айтқандай, күндердің бір күні аспан кенеттен түнеріп, төбеге қап-қара бұлт үйіріле қалды. Қою қара бұлтты батыстан ұйытқып соққан долы жел айдап әкелген болатын.

Жел екпіні тым қатты екен. Аяқ астынан алай-дүлей бас-



Үйшіктерінің күйін көрген Алай мен Марғау жылап жіберіп еді, Теңгегүл оларды жұбатып:

– Болды, жыламаңдар! Одан да тездетіп сақтандыру компаниясына хабарласыңдар! – деді.

Күшік пен мысық тура солай істеді. Арада он минут өткенде бақшаға Шапақ ат шауып келді.

– Уайымдамаңдар! – деді ол Алай мен Марғауға. – Мұндай апатты жағдайды біз «сақтандыру оқиғасы» деп атаймыз. Бүгін-ақ, тиісті құжаттарды толтырған соң, сақтандыру сыйлықақысын аласыңдар. Оның сомасы келісімшартта көрсетілген. Қомақты ақша. Үйшіктеріңді толықтай жөндеп алуға еркін жетеді.

Осы сәтте:

– Шапақ, сен маған да көмектесесің бе? – деген қарға баласының дауысы естілді. – Мына дауыл менің ұямды да қиратып кетті. Ертең күн суыта қалса, қай жерді паналарымды білмей тұрмын.

– Өкінішті-ақ, – деді Шапақ оған. – Бірақ сен баспананды сақтандырған жоқсың ғой. Сол себепті, мен саған көмектесе алмаймын. Саған ерте қамдану керек еді.

Әрине, Алай пен Марғау қарға баласын қиын сәтте жалғыз қалдырмады. Сақтандыру сыйлықақысын алып, үйшіктерін жөндеп алған соң, олар Арнұр мен Дананы көмекке шақырып, қарға баласының ұясын қалпына келтірді.

– Теңгегүл, осылай боларын біліп, «ұяңды сақтандырып қой» деп айтып еді ғой. Енді-гәрі оның кеңестерін тыңдап жүргің! – деді Алай қарға баласына.

ТЕҢГЕГҮЛДІҢ КЕҢЕСТЕРІ

Сақтандырудың мақсаты – адамдарды түрлі қауіп-қатерден қорғау.

1. Өз өміріңді немесе дүние-мүлкіңді қауіп-қатерден сақтандырғың келсе, сақтандыру компаниясымен келісімшартқа отыруың керек. Қалауыңша, үйіңді, көлігіңді, денсаулық пен өміріңді, болашақ саяхатыңды сақтандыруға болады.

Сондай-ақ, табиғи апаттардан, жаракаттар мен өрттен де сақтануға мүмкіндік бар.

2. Келісімшарт тек жазбаша түрде жасалады. Онда кімнің, ненің сақтандырылғаны, сақтандыру мерзімі мен сақтандыру оқиғасы болған жағдайда қанша ақша төленетіні жазылады.

3. Сақтандыру келісімшарты сақтандыру оқиғасы болған жағдайда сақтандыру компаниясының сақтанушыға

тиісті шығындарды өтеп беретінінің кепілі болады.

4. Сақтандыру компаниясы – сақтандыру жарнасын жинап, сақтандыру қорын қалыптастыратын ұйым. Сақтандыру компаниясының осы іспен айналысуға рұқсат беретін лицензиясы болуы керек. Жеке тұлғалар сақтандырушы бола алмайды.

ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ СӨЗДІГІ

Сақтандыру – дүние-мүлкіті ұрлықтан, апатты жағдайдан, адамдардың өмірі мен денсаулығын қауіп-қатерден қорғау әдісі.

Міндетті сақтандыру – барлық адам үшін міндетті сақтандыру. Оған, мысалы, медициналық сақтандыру, автокөлікті сақтандыру жатады. Егер үйлерінде

мәшине болса, оны міндетті түрде сақтандыру керек.

Ерікті сақтандыру – міндетті емес, адамдардың өз еркімен, өз қалауымен сақтандыру. Мысалы, велосипедті сақтандыруға болады, сақтандырмауға да болады. Егер оны ұрлап кетеді деп қорықсаңдар, сақтандырып қойған артық емес.

Сақтандыру келісімшарты – құжат. Онда сақтанушының қандай жағдайда сақтандыру сыйлықақысын алатыны айтылады. Ақшаны сақтандыру оқиғасы болған жағдайда сақтандыру компаниясы төлейді.

ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ ОЙЫНХАНАСЫ



ҮЙРЕТКІШ КОМИКС

МҮЛІКТІ САҚТАНДЫРУ КЕРЕК ПЕ, ЖОҚ ПА? ОЙЫН-ТӘЖІРІБЕ

САҚТАНДЫРУ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Адам өмірі қиындыққа толы. Қауіп-қатердің алдын алып, оларды айналып өтудің амалын таба білгендер, яғни алдын ала сақтанғандар кез келген тығырықтан еш шығынсыз, дін-аман шығады.

Алай, Марғау және қарға баласы мүлікті сақтандырудың пайдасын тексеріп көрмек болды. Мысық пен күшік саяхатқа шығарда сақтандыру компаниясымен келісімшартқа отырды. Ал қарға баласы мұндай керексіз іске уақытын сарп еткісі келмей, бірден жолаушылап кетті.

Тәжірибеге сендер де қатысып көріңдер. Ол үшін сендерге ойынға арналған текше (оны өздерің жасап алсаңдар да болады) мен фишкалар қажет. Фишкалар орнына құны әртүрлі монеталарды қолдануға болады.

ОЙЫН ЕРЕЖЕСІ:

Егер сендер Алай мен Марғау секілді сақтандыру келісімшартына отыруды таңдасаңдар, алдымен косымша жолмен (ол ойында көк түспен белгіленген) жүріп өтіңдер. «Өрт», «дауыл», «метеориттің құлауы», «ұрлық» деген жазулары бар шеңберлерге түссендер, «сақтандыру келісімшартына қол қойдық» деп есептей беріңдер. Сақтандырудың бірнеше түрі болуы мүмкін. Оларды ұмытып қалмау үшін, қағазға жазып отырыңдар. Негізгі жолмен жүрген кезде сақтандырулар сендерге көмекке келіп, тоқтамай, алға жылжуға мүмкіндік береді.

- «Өрт» белгісі – 5 жүріске кері шегіну.
 - «Дауыл» белгісі – 4 жүріске кері шегіну.
 - «Ұрлық» белгісі – 3 жүріске кері шегіну.
 - «Метеориттің құлауы» белгісі – 2 жүріске кері шегіну.
- Іске сәт!

